



SEMEI тану

Газетіміздің
бұл саны
Ұлы
ақынның
180
жылдығына
арналып
отыр.

№ 82 (19708) 5 тамыз, 2025 жыл

1917 ЖЫЛДЫҢ 17 МАУСЫМЫНАН ЖАРЫҚ КӨРЕ БАСТАДЫ

АБАЙ ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ ■ СЕЙСЕНБІ, ЖҰМА КҮНДЕРІ ШЫҒАДЫ ■ EMAIL: INFO@SEMEYTANY.KZ

Қазір айтып жүрген интеллектуалды ұлт қалыптастыру идеясы Абайдан бастау алды деуге болады. Ұлы ойшыл әр сөзімен ұлттың өресін өсіруді көздеді. Сондықтан Абайды терең тануға баса мән бергеніміз жөн. Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де – осы.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

“КҮЛІМСІРЕП АСПАН ТҰР, ОЙҒА ОРАЛТЫП ӘР НЕНІ...”



«Тірі адамның жүректен аяулы жері жоқ. Рақымдылық, мейірбандылық, әртүрлі істе адам баласын өз бауырым деп, өзіне ойлағандай оларға да болса игі еді демек - бұлар жүрек ісі. Асықтық та жүрек ісі.» АБАЙ

АБАЙ ЕСКЕРТКІШІНДЕ

Алмас АХМЕТБЕКҰЛЫ,
ақын

Алматыда асқақ тұр Құнанбайдың Абайы.
Жанған оттың жалыны,
атқан таңның арайы.
Осы тұрған күйінде біздің ұлттың гербі.
Үйлесімі мың жылдың таланты мен талайы.

Ел менен жер аманда мың жасайды бұл кісі —
Сары алтыннан түймесі,
Ақ жібектен сүлгісі.
Бұл топырақ туатын мың ақынның маяғы.
“Сүйіскен жан қате етпес”*

махаббаттың үлгісі.
Сан мың адам жүзіне қарап өтер күн сайын,
Сәлем берер бұрылып, әр таң сайын мың кісі:

Көк гауһардай жырынан
Бірер шумақ кесіп ап,
Көк жібектей сөзінен
Бір сабағын есіп ап,
Сөз түзер жұрт
Абайдың бояуынан қосып ап.
Әңгіме айтар ақынның кешкен күнін есіне ап.

“Айттым сәлем, Қаламқас!”,
“Желсіз түнде жарық ай”*

Сөздерінің әрін-ай,
Әндерінің сарыны-ай!
Қар астынан жыр көктер күллі қазақ жерінде,
Ақын өзі уыстап шашып кеткен тарыдай.
Абай болып тумасқа қалмаған ғой амалы.
Әрі сері, әрі ойшыл, әрі талант, әрі бай.
Терлеп-тепшіп мың ақын қыр соңынан
қалмайды,
Азы жетер ілесіп, көбір кетер жарымай.

“Единиса жақсысы —
Сенген елі өңшең нөл”*.
Қарсы алдына Абайдың
Нөл боларға көнсең кел.

(* Жұлдызшамен белгіленгені -
Абай өлеңдері)

Биыл үшінші мәрте ұйымдастырылған «Асыл мұра» атты қолөнер шеберлерінің облыстық фестивалі болды. Ұлттық мұраны жаңғыртып, жергілікті қолөнер шеберлерін халыққа танытуға, шығармашылықты қолдауға бағытталған фестивалде қолөнер шеберлері өз бұйымдарын қонақтар назарына ұсынды. Үздік шеберлердің бірі - домбыра жасаумен айналысатын кәсіпкер Ерзат Даирбаев халықтың ұлттық аспапқа деген сұранысы туралы айтып, болашақ шеберлерді тәрбиелеу жайын қозғайды. Ал Ақсуаттан келген оқушы Анеп Ержанқызы көрмені тамашалаушыларға пеноплекс пен боялған киізден заманауи бұйымдар жасау жолдарын көрсетті. Жұырда Алматыда, «Медеу» мұз айдынында өткен «Аламан құрақ - 2025» атты мәдени жобаға қатысып, әлемдік рекордтар кітабына енген қолөнершілер де өздерінің көрпелері мен жастықтарын алып келіпті.

Мұндағы ең үздік деп танылған бұйымдар Қарауылда өтетін мерейтойдағы ауқымды көрмеге қойылатын болады.

Этноауылды облыс әкімі Берік Уәли аралап, өнерпаздармен, шеберлермен пікір алмасты. Еріктілермен де кездесіп, алғысын білдіріп, естелік суретке түсті.

Этноауыл аумағында қазақ күресі, каратэ-до кекушинкай, таэквондо, садақ ату, қол күресі, дойбы, тоғызқұмалақ, турникке тартылу, гир көтеру, асық ату сынды ұлттық және заманауи спорт түрлерінен ашық қалалық чемпионаттар өтуде.



Абай облысында ұлы ақын, данышпан ойшыл Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған он күндік мерейтойлық шаралар легі жалғасуда. Хакімнің «Күлімсіреп аспан тұр, ойға оралтып әр нені» деген өлең жолдары халықтың дәл бүгінгі көңіл-күйін бейнелеп тұрғандай...

Онкүндік аясында Семей қаласы мен Абай, облыстың өзге де аудандарында түрлі мәдени-рухани, танымдық, интеллектуалдық іс-шаралар өтуде.

АБАЙ МҰРАСЫ ЗАМАНАУИ ФОРМАТТА

Мерейтойлық онкүндік Семей қаласындағы Мұхтар Әуезов атындағы педагогикалық колледждің «Ес-Аймақ» рухани орталығында «Abai akademiasy» энциклопедиялық порталының таныстырылымынан басталды. Абай шығармашылығына арналған тұңғыш энциклопедиялық порталдың тұсаукесеріне облыс әкімі Берік Уәли, зиялы қауым өкілдері, абайтанушы ғалымдар қатысты.

Порталды «Abai akademiasy» жобасының жетекшісі, ақын Айжан Тәберікқызы таныстырды. «Abai akademiasy» порталы – ақын туралы толық мәлімет ұсынатын ғылыми-танымдық дереккөз. Бұл жоба – Абай мұрасын цифрлық кеңістік арқылы насихаттап, ескелең ұрпаққа қолжетімді етудің бірегей үлгісі.

Порталда ақынның әдеби, ғылыми, публицистикалық және эпистолярлық еңбектері жинақталған. Абай шығармаларына толық мәтіндік және ғылыми түсініктемелер берілген. Жоба жетекшісі сондай-ақ порталға Абай тақырыбына арналған деректі фильмдер мен теле-радио хабарлары енгенін атап өтті.

Энциклопедиялық порталдың кітапхана бөлімінің өзінде ғана екі мыңнан астам кітап қоры бар. Жобаны жүзеге асыру барысында еліміздегі Абай институттары, ғылыми орталықтар, жоғары оқу орындары, республикалық және облыстық кітапханалар, архивтер, мұражайлар мен мәдени мекемелердің қорларындағы деректер алынып, цифрлық форматта жүйеленді. Әлі де келетген материалдар кезең-кезеңімен орналастырылып жатыр. Енді Абай туралы мәлімет іздеген адам бұрынғыдай архив ақтарып жатпай-ақ қажетті ақпараттар бірден қол жеткізе алады. Порталда авторлар бөлімі де қарастырылған. Қазіргі таңда екі жүзге жуық автор тіркелген, - деді Айжан Тәберікқызы.

Тұсаукесер рәсімінде сөз сөйлеген аймақ басшысы Абай тойы биыл тұңғыш рет онкүндік ретінде атап өтілетінін айтты.

Биыл ұлттық ойдың асқар биігі, адамзаттың алыбы хакім Абайдың дүниеге келгеніне 180 жыл. Бұл - халқымыздың мерейлі мерекесі. Абай қазақ халқы ескі мен жаңаның өткелінде тұрған аймағайып заманда өмірге келді. Халықты қасіреттен арашалайтын кемеңгер тұлғалар осындай қиын шақта дүниеге келгенін тарихтан білеміз. Қазақтың маңдайына біткен алып тұлға біздің өңірде, қасиетті Шыңғыстауда туды. Бұл - біз үшін зор мақтаныш. Абай арқылы қазақ халқы жаңа ой көкжиегіне көтерілді әрі әлемге қосар үлесіміз, философиялық тұжырымымыз мол екенін көрсетті. Ұлт көсемі Әлихан Бөкейханов айтқандай, «Абай бізге тағдырдың өзі сыйлаған сом алтын».

Онкүндіктің өтуіне қаржыны түгелдей жанашыр демеушілер, жерлестеріміз көтеріп отырғанын атап өткім келеді. Абай тойының өңірімізге ең басты сыйлығы – Мемлекет басшысының қол-

дауымен басталған «Абайға құрмет» акциясы. Хакімнің тойында еліміздің әр өңірі жаңадан құрылған облысымызға бір нысаннан салып беретін болды. Маңғыстау «Достық үйін», Шымкент шығармашылық орталығын, Түркістан көрме орталығын, Астана жайлы мектеп, Ақтөбе жекпе-жек орталығын, Павлодар облысы Үстел теннисі орталығын салуға, Шығыс Қазақстан Ертіс жағалауын жасап береміз деп отыр. Өзге өңірлер де хабарласып, ықылас-ниеттерін білдіріп жатыр, - деді облыс әкімі.

Берік Уәлиұлы энциклопедиялық порталдың Абай мұрасын заманауи форматта жеткізу тұрғысында маңызды екенін атап өтті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында: «Абайдың шығармаларына зер салсақ, оның үнемі елдің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне шын ниетімен тілеулес болғанын, осы идеяны барынша дәріптегенін байқаймыз. Ал ілгерілеудің негізі білім мен ғылымда екенін анық білеміз. Абай қазақтың дамылсыз оқып-үйренгенін бар жан-тәнімен қалады. «Ғылым таппай мақтанба» деп, білімді игермейінше, биіктердің бағына қоймайтынын айтты», - деп Абайдың мұратын, мақсаты мен арманын жіліктеп айтып, бүгінгі қазақ баласына ой салған болатын. Демек, бүгін көпке жол тартатын Абайға арналған энциклопедиялық портал хакім мұраларын ескелең ұрпаққа насихаттау жолында негізгі бағдаршам болмақ, - деді аймақ басшысы.

Шара барысында абайтанушы Арап Еспенбетов, «Жидебай-Берілі» музей-қорығының директоры Ұлан Сағадиев, облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры Қайрат Сабырбай, әдебиеттанушы, PhD докторы Қарлығаш Әубәкір энциклопедиялық портал туралы пікірлерін айтты.

ЭТНОАУЫЛДЫҢ ЕСІГІ АШЫҚ

Осы күні Семей қаласындағы салт-дәстүр мен руханияттың ордасы іспетті Бейбітшілік аралында этноауыл ашылды.

Этноауыл аумағында 10-нан астам киіз үй тігіліп, алтыбақан құрылған. Әр үйдің маңында қазақ халқының салт-дәстүрлері мен ұлттық құндылықтарын дәріптейтін сахналық қойылымдар ұсынылуда. Қонақтар күн сайын концерттік бағдарламалар мен театрландырылған қойылымдарды, түрлі көрмелерді тамашалай алады. Келушілер, қазақ халқының әдеп-ұрыптарымен қатар, Қазақстанда өмір сүріп жатқан этностардың да мәдениеті, тұрмыс-салты мен ұлттық тағамдарымен танысуда.

Кейбір киіз үйлерде жергілікті мейрамханалар мен кафелер орналасыпты. Аралда қазақ халық ертегілерінің кейіпкерлері бейнеленген шағын сәулеттік мүсіндер де орнатылған.

Онкүндік аясында этноауылда өткен ерекше шаралардың бірі

